

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1127 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 31 мамыр N 669. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 168 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төлеудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1127 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 28, 337-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төлеудің тәртібі туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Лицензиялық алымның мөлшерін Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен Табиғи монополияларды реттеу және бәсекені қорғау жөніндегі агенттігінің келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді және ол лицензияларды ресімдеу мен беру кезінде, сондай-ақ лицензиялық тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асыру кезінде лицензиарлардың шеккен шығындарына сүйене отырып айқындалады";

4-тармақ алынып тасталсын;

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі